



# Жауапкершілік



№75 (9858)  
20 қыркүйек,  
сейсенбі  
2022 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

## Президент

### Америкалық іскер топтарға қолдау көрсетеді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке сапары барысында Citi, Goldman Sachs, NASDAQ, Auerbach Grayson & Company LLP, Franklin Templeton, Brightlight Capital, AllianceBernstein, Jefferies Financial Group, Luxor Capital Group, Paine Schwartz Partners LLC, New Silk Road Forum, Robotti & Company Advisors, TPG Capital, Grupo Los Grobo сияқты жаһандық қаржы институттарының жетекшілерімен кездесті.



Қасым-Жомарт Тоқаев америкалық қаржыгерлерге Қазақстандағы ауқымды саяси және экономикалық реформалар туралы мәлімдеді. Мемлекет басшысы бұл маңызды өзгерістердің қаржы-экономика секторына ықпалы тұрғысынан мәні зор екенін жеткізді.

«Бизнес пен қаржы институттары үшін бұл нәні білдіреді? Бұл – нарыққа шығу жолын кеңейту мен ашықтықты қамтамасыз ету. Жалпы жеке сектор мен халықаралық серіктестер үшін жаңа мүмкіндіктер ашу дегенді білдіреді» деді Президент.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың маңызды секторларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы Қазақстанның мүмкіндіктеріне назар аударды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен ынтымақтастықтың перспективаларына тоқталды. Президент Қордың активтерін жекешелендіруге байланысты жаңа мүмкіндіктер ашылатынын атап өтті.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика, жасыл экономика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салаларындағы өліміздің зор әлеуетіне, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығында жасалған қолайлы жағдайға назар аударды.

Кездесу соңында Президент Қазақстан Үкіметі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда америкалық іскер топтарға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

## Бәрекелді!



### Бәсі биік білім ордасы

Кент орталығындағы №246 орта мектеп ұжымы былтыр оқу жылын оң нәтижемен қорытындылады. Бәсекеге қабілетті өрнектер қалыптастыруда ерекше маңызға ие бұл білім ошағының бұған дейінгі салада жеткен жетістігін тізе берсек, тарқатып айтар дүние көп. Бастысы Шекер Ермағанбетова атындағы орта мектептен әр жылдары түлеп ұшқан жастар бүгінде бірқатар салада қажырлы еңбек етуде.

Айнұр Айбосынова басшылық ететін білім ошағындағы ұлағатты ұстаздар жұмысында нәтиже бар, оны ешкім жоққа шығара да алмайды. Алайда бұлар өткен жылдың еңсіндегі дүниеге тоқмелейсіп, қарқынның бәсеңдететін ұжымның қатарынан емес. Керісінше жетістікке жеткен сайын одан да биік белесті бағындыруға ынтыса ауып тұрғанын айқын аңғаруға болады.

Былыр аталған білім ордасында 400-ден астам оқушы білім алған. Мектеп бітірген 17 түлектің барлығы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Директордың бағдарлы істер жөніндегі орынбасары Самал Дүйсенбайқызының сөзіне сүйенсек, білім ошағында ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын бастау үшін мұндағы ұстаздар оқушыларының 11 сыныпқа көшкенін күтпейді екен. Яғни оған дайындық жұмыстары 2-3 жыл бұрын басталатын көрінеді.

Әр жылдардағы білім ошағынан түлеген балалардың ҰБТ-дағы алған балына зер салсақ, орынбасардың әлгі сөзінен оқылық таппайсыз, сөзінде ешқандай жалғандық жоқ іспетті. Мәселен, былтыр мектеп бітірген мұндағы 17 түлектің барлығы 100 пайыз өліміздегі жоғары және арнаулы оқу орындарында білім алуда.

ҰБТ-да қаншама сұрақ бар, оның бәрине жауап бере алатындай түлекті бір

жылда қалыптастыру қиынға соғады. Біз сондықтан олардың дайындығына бірнеше жыл бұрын кірісеміз. Ата-ана «Балаларым елдің жарқын болашағына жұмыс жасайтын азамат болады» деп сенім артып отыр. Біздің де оларға артар үмітіміз осы сеніммен ұштасады. Мұндағы ұстаздар шәкірттеріне ата-анасындай қамқор. Тек айырмашылық білім мен талапшылдықта. Әр оқушының мінезі ерқалай. Ал мұғалім – жалғыз. Мұндайда педагогикалық нем психологиялық шеберлік қажет. Шүкір, біздің мектептегі ұстаздардың қай-қайсысында да бұл тәжірибе жетерлік. Рас, өткен жылды оң нәтижемен қорытындыладық, бірақ оған тоқмелейсіп, бір межеде қалып қоюға тағы болмайды. Осы оқу жылында одан да жоғары нәтижеге қол жеткізуді межелеп отырмыз. Ал қалғанын уақыт көрсетеді. Бастысы бізден әр жылдары түлеген шәкірттердің қай-қайсысы да ұстаздар сеніміне селкеу түсірген емес. Алдағы уақытта да бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырудағы мақсатты жұмысымыздың жемісін көреміз деп ойлаймыз – дейді мектеп директоры Айнұр Шыңғысқызы.

Айта кетейік, былтыр мұнда 11 сынып бітірген 17 түлектің 8-і жоғары және арнаулы оқу орындарына мемлекеттік грантпен оқуға түскен. Ал бір оқушы облыс өкімінің грантымен қалаған мамандығын

игеруге мүмкіндік алыпты. Нәтиже жаман емес, ал мектеп ұжымының мұнан да жоғары жетістікке жетуге тың мақсаты тағы бар.

Быыл Шекер Ермағанбетова атындағы орта мектепте 380-нен астам оқушы білім алуда. Аталған білім ордасының 1 қыркүйекте 38 оқушы ең алғаш табылдырығын атапты. Келер жылы орта мектепті 19 оқушы тәмамдайды. 2 сыныпта оқып жатқан түлектер ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жаз айларында бастап кеткен.

Самал Дүйсенбайқызы мектеп бітірушілердің басым бөлігі биология, химия және физика мамандықтарын таңдап жатқанын айтады. Бұл дәстүрдің жалғасын тапқанына да бірнеше жыл болған. Быыл да мұндағы 11 сынып оқушыларының басым бөлігі химия, биология, физика мамандықтарына және IT саласына қызығушылық танытып отыр.

Біз орта мектеп оқушыларының тек ҰБТ-дағы жетістігіне тоқталдық, болмаса, түрлі жобалар, облыстық, республикалық байқаулар мен олимпиадаларда топ жарып жүрген оқушыларды да аталған білім ошағынан көптеп кездестіруге болады.

Елімізде республикалық деңгейде «Ұлы өнерпазшылыққа алғашқы қадам» атты тың жоба ұйымдастырылған еді. Өнерпазшылар додасынан технология пәні мұғалімі Ғалымжан Сейтжановтың шәкірттері осыған дейін жүлдесіз қайт-

папты. Ұлағатты ұстаздың Бағдаулет Көрісбек, Диас Ұзақбай атты шәкірттері дайындаған түрлі бұйымдар, техникалар мен құрал-жабдықтарға қанықтық. Мұнда әсіресе Ғалекеннің шәкірттері өзін-өзі арнайы кеме, корабльдері бізді қызықтырды. Әлгі жобаның талап-ережесіне сай бұл су көліктерінің балалар өзіміздің Сырдарияда жұмысын сынаған. Қазір Ғалекен жетекшілік еткен шәкірттердің алды әлгі жобада қатарынан 3-4 жыл жүздеп орындардан бой көрсетіпті.

– Қазір технология пәніне, оны балалардың игеруіне жай қарауға болмайды. Негізін баланың жетесіне жетсе, оны шәкірт толық игерсе, мамандықтың жаманы жоқ. Міне, біз осыны түсінудіміз керек. Мені әсіресе оқушыларымыз түрлі бұйымдар жасап, оны іске қосуға деген талпынысы қуантады. Алды үлкен додаларда топ жарып жатыр. Біз мұнымен шектелмеуіміз керек. Әр оқушы бір белесті бағындырса, оны қанағат тұтпай, керісінше алдағы асуына жұмыс жасау қажет деп ойлаймын. Бүгін де аталған жоба жалғасын тауып жатыр. Бірнеше шәкіртімді жарысқа қосып жатырмын. Олардың жүздеп орындардан табыларына сенемін, – дейді Ғалымжан Сейтжанов.

Білікті, нәм ұлағатты ұстаздар, білім игеруге деген талпынысы жоғары оқушылар. Біз орта мектепке ат ізін салғанда осындай жақсы көріністердің күесі болды. Осыған дейін салада серпін қалыптастыруда қолтаңбасын қалдырған бұл ұжымның алдағы уақытта да мақсатты жұмысының жемісін көрері анық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



### Көмір шығаруға уақытша тыйым салынды

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі көмірді елден тыс жерлерге автокөлікпен шығаруға шектеу енгізді.

«Уақытша шектеу тұрғындар мен коммуналдық, әлеуметтік нысандарға арналған көмірдің шекаралас өңірлерге автокөлікпен тасымалданып, қатты отынды көршілес мемлекеттерде қайта сату үшін шығарылған фактілердің анықталуына байланысты енгізіліп отыр» делінген министрлік ақпаратында. Мұндағы басты мақсат – 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымы кезінде көзделген межені орындау және елдегі көмір тапшылығын болдырмау. Министрліктің бұйрығы жергілікті көмір тиеу түйықтары мен өңір әкімдіктерімен бірлесіп әзірленген.

“ЖЖ” ақпарат

### Көрікті ауылдың көшесі жаңарды

Соңғы жылдары ауданымызда жол құрылысы қарқын ала бастады. Кент орталығындағы көшелердің жетпіс пайызы жаңарды және бірнеше көше келер жылға кезекте тұр.

Биылдың өзінде ауданға қарасты бес ауылдық округ бойынша 16 көше күрделі жөндеуден өтті. Атап айтсақ, М.Шеменов ауылында жалпы ұзындығы 3,7 шақырымды құрайтын 9 көшеге, жоба құны – 135 млн 200 мың теңге, Еңбек ауылында жалпы ұзындығы 3,7 шақырымды құрайтын 3 көшеге, жоба құны – 116 млн 500 мың теңге, Мырзабай ахун ауылында жалпы ұзындығы 3,9 шақырымды құрайтын 2 көшеге, жоба құны – 138 млн 600 мың теңге, Жаңадария ауылында жалпы ұзындығы 1,2 шақырымды құрайтын 1 көшеге, жоба құны – 41 млн теңге, Аққыр ауылында жалпы құны 31 млн 200 мың теңгені құрайтын ұзындығы 950 метр 1 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Соның ішінде аудан орталығынан шалғай жатқан Аққыр ауылындағы Ахетов көшесін асфальттау жұмысы аяқталуға таяу қалды. Бір шақырымға жуық көшені күрделі жөндеуден өткізіп жатқан – «Құрылыс көлік компаниясы» ЖШС. – Аталған көшені күрделі жөндеуі бірер күнде толық аяқталады. Салынған



жолдың сапасын өз заңдылығы бойынша құзырлы мекемелер техникалық және авторлық тұрғыдан қатаң қадағалап, асфальтқа қажетті қоспалардың мөлшерін зертханалық тексеруден өткізіп отырды. Енді тек біздің міндетіміз – жаңарған көшені көркейткіп, күтіп ұстау, – дейді Аққыр ауылдық округі әкімі Жаңабек Матаев.

Айта кету керек, Аққыр ауылы – аудан орталығынан алшақ жатса да, көшелері түзу әрі тал-терегі көп көрікті ауылдардың бірі. Өткен ғасырдың аяғы-бастысындағы жылдары аталған ауыл республика көле-

мінде көрсеткіші жоғары елді мекендердің қатарында болған. Бірақ отыз жылдан бері Аққыр ауылының ішкі жолдарына күрделі жөндеу жүргізілмеген. Сондықтан бір көшеге болса да асфальт төселуі шалғай ауылдың тұрғындары үшін үлкен қуаныш болып отыр.

– Ауылымыздың көркейіп гүлденгенін қалаймыз. Асфальтталған бір көшенің өзі ауыл көркіні кіргізіп, ажарын аша түсті. Бұрын ерлі-бейері көлік жүрсе, шаңы көтеріліп жататын көше бір айдың ішінде басқаша кейіпке енді. Түнгі мезгілде көше

бойы электр жарығымен жарқырап тұрады. Оның үстіне мен – осы Ахетов көшесінің тұрғынымын. Майдангер ақын атамның атындағы көшеде тұрғанды мақтан етіп, балаларымызға да ол кісінің ерлігі мен өнегеге толы өмір жолын үлгі етіп отырамыз. Көшеміздің жөндеуі ақын атамның рухына жасалған тағзым, құрмет деп білеміз, – дейді аталған көшенің тұрғыны Жауһар Жакиева.

Жандос ЖАЗКЕН

## Саладағы жаңашылдық



# Сандық технология сапалы қызметке жол ашады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев салықтық өкімшілендіруді түбегейлі оңайлату мен жеңілдету бойынша міндеттер қойған болатын. Бұл – ең алдымен жеке тұлғалардың мүлкі мен жеріне салынатын салықтар біріктіріліп, бірыңғай төлеммен төленеді деген сөз. Сондай-ақ ең бастысы салық төлеу қызметі сандық технологияға көшеді. Яғни салық төлеу процесі едәуір халық үшін оңтайланады.**

Осы орайда Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұйымдастыруымен "Салық – Мемлекет қазынасы" тақырыбында ақпараттық-танымдық іс-шара өтті. Шараның негізгі мақсаты – салық төлеушілерге сапалы мемлекеттік қызмет көрсету үшін жасалып жатқан жобалар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Шараға аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Қуанышбек Бекшин, Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Мария Искакова, аудан тұрғындары, бөлім, мекеме қызметкерлері қатысты.

Жалпы іс-шара еркін форматта өтті. Шара барысында концерттік бағдарламалар қойылса, интеллек-

туалды ойындар ойнатылып, толған сұрақтар бойынша қоғамдық қабылдаулар жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Мария Искакованың айтуынша, халыққа арналған салық төлеудің ыңғайлы «E-Salyq Azamat», «E-Salyq Business» мобильді қосымшасы әзірленген. Қосымша онлайн салық төлеуге, артық төлемді болдырмауға және тағы басқа да жеңілдіктерге мүмкіндік береді.

– Бұрын салық төлеушілер банкке бару, көзекте тұру, банк комиссиясын төлеу, салықты төлеу үшін көптеген деректемелер мен кодтарды таңдау қажет болатын. Ол үшін қанша уақытыңды жоғалтасың, қарапайым тұрғындар үшін бұл бір қиын жұмыс болатын. Біз осыны ескере отырып, қазіргі технология дамыған заманда салаға сандық технологияны жү-

мылдырдық. Бұл дегеніміз салық әмиянында мүлікке, жерге және көлік құралына қолда бар салық салу объектілері бойынша онлайн толтыруды, автотасымалдауды және қарауды жүргізуге болады. Сонымен қатар азаматтар үшін қосымшаның тағы бір пайдасы, олар жинақтаушы зейнетақы қорларына және басқа қорларға есептеулер жүргізілгенін өзі тексере алады. Оған қоса қосымшаның негізгі мәзірінде «Электрондық салық әмияны», Салық салу және түзету объектілері сынды электрондық қызметтер бар, – дейді Мария Искакова.

Сонымен қатар жеке кәсіпкерлер үшін «E-Salyq Business» қосымшасы әзірленіп, іске қосылған. Жаңа цифрлық қосымша жеке кәсіпкерлерге салық міндеттемесін орындауды жеңілдетеді және жаңадан тіркелген

кәсіпкерлерге өте ыңғайлы. Қосымшаның функционалы жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге, салық режимін таңдауға және өзгертуге, чектер беруге, кірістер тізілімін қалыптастыруға, салық және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді қосымшамен автоматты түрде есептеу үшін қызметкерлер кірістерінің есебін жүргізуге және оңайлатылған декларацияның тиісті жолдарын толтыруға мүмкіндік береді. Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкерлер «e-Salyq Business» мобильді қосымшасының пайдаланушылары бола отырып, патент құнының есеп-қисабын ұсынудан және табыс алғанға дейін алдын ала салық және әлеуметтік төлемдерді төлеуден босатылады.

Бұдан басқа кәсіпкерлердің ыңғайлылығы үшін қосымшада салық әмиянының сервистері, мемлекеттік кірістер органдарының бірқатар хабарламаларын алу, сондай-ақ жеке кәсіпкер қызметін оңайлатылған тәртіппен тоқтату сервисі қолжетімді. Аталған қосымшалар «Play Market», «App Store» алаңдарында қолжетімді.

Жандос ЖАЗКЕН

## Қабылдау



# Тұрғындар үніне құлақ түрді

**Партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінің негізгі жұмысы тұрғындардың өтініштерін қараумен қатар, игілігіне бағытталған жобаларды түсіндіру, насихаттау болып табылады. Қазіргі таңда партия жұмысын жан-жақты жаңғырту жұмыстары халықпен кері байланыс жасаудың тиімді құралы қоғамдық қабылдау бөлмелері қызметін де қамтып отыр. Осы орайда республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі басшылығының, облыстық мәслихаттағы фракция мүшесі мен партия белсенділерінің, облыстық Саяси кеңес мүшелері мен облыстық басқарма басшыларының қатысуымен Аққұм ауылдық округінде қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды.**

Мобильді топтардың негізгі мақсаты шалғай орналасқан елді мекендердегі тұрғындарды қабылдап, олардың әлеуметтік, қоғамдық және өзге де ортақ түйткілді мәселелерін шешілуіне ықпал ету, бағыт-бағдар мен кеңес беруді көздейді. Бұған дейін мобильді топ өкілдері ауданға қарасты Аламекек, М.Шәменов, Таң, Жаңадария ауылдық округтерінде болды. М.Шәменов ауылда тұрғындармен өткен кездесуде көкейдегі талап-тілек, ұсыныс-пікір мен мұң-мұқтажға құлақ асылды.

Қоғамдық қабылдау барысында тұрғындар жұмысқа орналасу, ескі мектеп ғимаратын бұзу, елді мекенде электр желілерін күрделі жөндеуден өткізу, спортпен айналысатын орынның қажеттігі, «Түткен әулие» кесенесіне баратын жол салу, ауылдағы туризмді дамыту, елді мекенді аяқ сумен қамтамасыз ету, №18 «Бөбек» бөбекжай ғимаратының тозығы жеткені, жаңа ғимарат салынуы керектігі, ауылдық округтің кіреберісіне бейнебақылау камерасын орнату, ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдаланылмай жатқан жерлер, елді мекендегі көшелерге жарықшамдар орнату мәселелерін көтерді. Ауылдық округтегі әрбір тұрғынның өтінішін тыңдаған мобильді топ өкілдері мәселелердің біршамасына нақты жауап берсе, қалғанын партия өз бақылауына алды.

Партиялық бақылаудың нәтижесінде қазіргі таңда түйткілді мәселе-

лердің бірқатары шешімін тауып, кейбірі назарға алынып, тиісті жұмыстар жасалуда. Ауыл мектебі апаттық деп танылып, ғимаратты бұзу жұмыстары қолға алынса, тиісті мекемелер арқылы ауылдағы электр жүйелерін жаңғыртуға жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге алғашқы қадамдар жасалған еді. Елді мекендегі жер мәселесіне қатысты аудандық жер қатынастары бөлімі мамандары жауап беріп, аяқ су мәселесін шешу үшін аудан қазынасынан қаржы қаралатынын жеткізген болатын.

Осыған дейін аудан орталығынан шалғай жатқан Жаңадариядағы келелі кездесуде де тұрғындар бірқатар мәселені ортаға салды. Жаңадариялықтардың басын қосқан мобильді топ өкілдері елді мекенде біршама мәселенің барына қанықты.

Иә, Жаңадария – ауыл шаруашылығы саласы, әсіресе егін және мал шаруашылығымен айналысатын елді мекен. Ауданнан шалғай жатқан бұл ауылдың негізгі күнкөрісі осы деуге болады. Тыныс-тіршілігін Жер-Анамен байланыстыратын ауыл тұрғындары алажаздай баптаған өнімдерін күзде аудан орталығына әкеліп сатады. Кент тұрғындары тарапынан да жаңадариялық өнімдерге сұраныс жоғары. Сол себепті шаруалардың жұмысы алға басуы үшін аяқсудан мәселе туындамауы қажет.

Қоғамдық қабылдауда тұрғындардың басым көпшілігі осы мәселені

көтерген болатын. Егіннің уақытында жаңадариялықтар ауыл маңындағы «Ілқұрдария» каналын қазу және тазалау жұмыстары жүргізілуі қажет екенін алға тартқан.

Жаңадария ауылында бұдан өзге де өзекті мәселелер жоқ емес. Мобильді топ мүшелеріне талап-тілегін айта келгендер ауылда мәдениет үйінің жоқтығын, көшелерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуі керек екенін, балаларға арналған ойын алаңының жоқтығын, ауыл жастарына жан-жақты қолдау көрсетілуінің ең бастысы осындағы мектеп ғимараты күрделі жөндеуді қажет ететінін назарға салған болатын. Одан бері шалғай ауылдың шаруасы ширап, жергілікті тұрғындар тарапынан көтерілген бірқатар мәселе шешімін тапты.

Аламекек ауылдық округінде өткен қоғамдық қабылдауға келген ауыл тұрғындары да уақытында елді мекендегі түйткілді мәселелерді орта салған еді. Мәселен, Гүлсім Жаханова 2 мыңға жуық халқы бар елді мекен көшелерін жарықтандыру жұмыстары тұралап қалғанын айтты. Оның сөзінше, ауылдағы 13 көшенің 3-еуіне ғана жарық жүргізілген. Ол мұның салдарынан ауыл тұрғындары балалар қауіпсіздігіне алаңдайтынын жеткізген еді.

Осыған дейін бұл елді мекенге кіреберіс жолдың сапасы сын көтермейтін күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе еді. Бұлтыр жаз мезгілі ор-

тасынан ауа бере бұл мәселе де өз шешімін тапты. Қазір ауыл халқы құрылысы 300 млн теңгеге жуық қаржыға жүргізілген жолдың игілігін көріп отыр. Оның үстіне сол жолдың бойында орналасқан көпірдің де құрылысына ел ағаларының көңіл бөлені аламекектік ағайынның көңілін бір көтеріп тастады. Ал жуырда ауыл әкімінен ауылдағы бірнеше ішкі көшенің сапасына мен берілетінін естідік.

Кешегі Аққұм ауылындағы келелі кездесуде де бірқатар мәселе айтылып, жергілікті халықтың талап-тілегі назарға алынды. Мобильді қабылдауда Қызылорда облыстық мәслихаттағы «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Мақсұт Нәлібаев ашып, қоғамдық қабылдаудың негізгі мақсаты мен міндеттеріне тоқталды.

Республикалық «Аманат» партиясы қоғамдық қабылдау бөлмесі меңгерушісінің орынбасары Азамат Біржанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауынан насихаттау жұмыстарын жүргізіп, қоғамдық қабылдау бөлмесінің атқарған жұмыстары туралы баяндады.

Қабылдауға келген ауыл тұрғындары жер, аяқ су, жол ауыз су, денсаулық сақтау, білім саласы, әлеуметтік нысандар құрылысы мен өзге де мәселелер жөнінде айтты. Өз кезегінде мобильді топ өкілдері біршамасына қабылдау кезінде нақты жауап берсе, қалған түйткілді мәселелердің тізбесін жасап, партия өз бақылауына алды. Алдағы уақытта жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отырып, өтініштердің оңтайлы шешілуі бойынша нақты жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

## Спорт

# Жаңаталаптықтар топ жарған жарыс

**Жалағаш кентіндегі орталық стадионда спорт саласының ардагері Мақсұт Қарақұловты еске алуға арналған президенттік көпсайыстан аудандық ашық біріншілік өтті. Шараны аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, сала ардагері туралы естеліктерімен бөлісіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.**



– Таулар алыстаған сайын биіктей береді. Мақсұт ағамыз ауданымыздың спорт саласына өлшеусіз үлес қосты. Сонымен қатар ауданның қоғамдық өміріне де белсене араласты. Мақсұт Жүнісұлының өмір жолы мен отаншылдық рухы бүгінгі жастарға үлгі-өнеге, таным мен тағылым болып қала бермек. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар шарада арда азамат туралы Айтбек Сүндетбаев, апасы Қалдығұл Қарақұлова да естеліктер айтып, қатысушылар мен ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Жарысқа 9 ауылдан 100-ге жуық спортшы қатысты. Ашық біріншілікте спорттың 4 түрінен, яғни 100 метрге жүгіру, бір орыннан секіру, граната лақтыру, 1 шақырымға жүгіру бойынша үміткерлер өзара мықтыны анықтады.

Нәтижесінде Жаңаталап ауылы жүлделі I орынды иеленсе, II орынды Таң ауылы еншіледі. III орынға тұрақтаған Мәдениет ауылы спортшылары да жарыста спортқа өтілігімен көзге түсті. Жеңімпаздар Қарақұловтар отбасы атынан арнайы кубок, диплом, қаржылай сыйлықтарға ие болды.

Айта кету керек, Мақсұт Қарақұлов Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде 1998 жылы ресми түрде жеңіл атлетика бөлімшесін ашып, балалар жеңіл атлетикасының негізін салушы кәсіби маман болып қажырлы еңбек етті. Ауданда 2008 жылы жасөспірімдер спорттық туризмі алғаш ұйымдастырып, деріс беруші, жаттықтырушы болып, саланың дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Жандос ЖАЗКЕН



# 210 әкімшілік хаттама рәсімделді

**Облыс әкімінің тапсырмасына және облыстық полиция департаментінің нұсқауына сәйкес, қылмыс пен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жуырда аудан көлемінде қауіпсіздік деңгейін арттыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Екі күнге жалғасқан шарада қылмыстардың алдын алу мен террористік және экстремистік сипаттағы өзге құқыққа қайшы әрекеттерді уақытылы ескерту, олардың жолын кесу, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстары да қамтылған.**

Аудан бойынша полиция бөлімінен 40 қызметкер, атап айтқанда, Жалағаш кентіне 26 қызметкер, 6 автокөлік, ауылдық елді мекендерге 14 қызметкер, 7 автокөлік бөлініп, жұмыс жасады. Сенбі-жексенбі күндері қылмыстық оқиғалар орын алған жоқ.

Екі күнде атқарылған жұмыстың нәтижесінде қоғамдық қауіпсіздік саласы бойынша 46 әкімшілік хаттама рәсімделсе, жол қауіпсіздік саласы бойынша 118 әкімшілік хаттама рәсімделді. Айып алаңына 13 автокөлік қамалған. Сала мамандары бұл бағыттағы жұмыстар қатаң бақылауға алынып, алдағы уақытта өз жалғасын табатынын айтады. Сондай-ақ олар қызмет атқару барысында сыйбайлас жемқорлыққа, келеңсіз жағдайлар мен төтенше жағдайларға жол берілмегенін жеткізді.

Жандос ЖАЗКЕН

Еңбек адамы

Күріштен тау тұрғызған Дәдікбай



Бүгінгі Егеменді еліміздің негізін қалауда қоғамның түрлі кезеңдерінде заманына қарай адамы дегендей, халық шаруашылығының түрлі саласында еңбек етіп, тер төккен аға буынның еңбегін, қазіргі ғылым мен техника дамыған кезеңде жақсы біліп, олардың аттарын атап, түстерін түстеп, еңбектерін бағалап отырса, нұр үстіне нұр болар еді. Сондай азаматтардың бірі, бірегейі – Бұқарбай батыр ауылында тұратын еңбек ардагері Төрөқұлов Дәдікбай ақсақал.

Ол Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шәменов ауылында 1943 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Төрөқұл алғаш ұйымдастырылған «Ірікөл» серіктестігіне мүше болып еңбек еткен. Сол шаруашылықтың малшысы болған. 1947 жылы 29 тамыздағы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің «Қызылорда Платина Строй» құрылысы және Тасбөгет қыстағын салу жөніндегі қаулысына сәйкес, облыстың колхоздарынан жұмыс қолын тарту тапсырмасына байланысты сол жаққа барып, құрылыс жұмысына қатысқан. Жұмысшыларды азық-түлік, етпен қамтамасыз ету мақсатында қойшы болып еңбек еткен.

Құрылыстың қара жұмысы мен еңбегі бағалана бермейтін қойшылық өмірдің бейнетінен әкесі Төрөқұл сол жақта қайтыс болған. Ол жақта маңдайын тірейтін жаның болмауына байланысты Дәдікбай шешесімен 1953 жылдардың басында туған жері Қараөзек бойындағы көріс ағайындар қоныстанған «Серкеш» серіктестігіндегі нағашысы Оңғарбай Алмағамбетті паналаған. Осылайша «соғыс баласы» атанған Дәдікбай өмірдің басқа салған тауқыметін бір адамдай көріп өскен.

1953 жылы нағашысы Оңғарбай Алмағамбеттермен Калинин колхозына көшіп келіп, осындағы №33 мектептің 7 сыныбын бітірген. 1960 жылы аудан орталығындағы механизатор даярлайтын УМСХ 150 училищесін тәмамдаған. Осы жылдан бастап Калинин атындағы колхозда «Ленин» орденінің иегері Ким Яков Яковлевич басқаратын шаруашылықта механизатор болып еңбек жолын бастайды.

Өндірістен қол үзбей жүріп, Түркістан қаласындағы педагогикалық институттың техникумын «Механик-техник» мамандығы бойынша бітіріп, арнаулы орта білім алады. 1970 жылы өмірде шындалған, саяси сауатты Дәдікбайға колхоз басшылары бас-

тауыш комсомол ұйымына жетекшілік етуді сеніп тапсырады. Бұл жұмысты дөңгеленіп басқарған Дәдікбай түрлі мәдени-көпшілік, тәрбиелік шараларда тек қана ауыл төңірегінде емес, аудан көлемінде де ұйымдастырушы, көшбасшы бола білген. Көпұлтты, көпқонфессиялы сол кездері шаруашылықта 12 ұлт өкілінің жастарын тәрбиелеуде, оларды еңбекке жұмылдыруда Дәдікбай белсене жетекшілік етті.

Осы жұмыстың басы-қасында Дәдікбай жүрген еді. Колхоз жастарынан «Қызғалдақтар» ән-би ансамблі өмірге келді. Ансамбль құрамында әнші-биші Ким Лариса көріс халқының «Торради» әнін шырақ, билесе, ағайынды Салмановтар қазақтың халық әндерін асқақтатып, «Тракторшы Гүлсара» әнін шыраққаған, шешен жігіті Қазақбай Мәжіев «Кавказ» биін орындап, көрермендердің ықыласына бөленген еді. Колхоздың клуб меңгерушісі Қиыр Шығыстағы «Көріс» театрының скрипкашысы Ли Чен Хо әнші жұбайымен КСРО халық әндерін тамылжытып орындайтын. Бұл жұмыстардың ұйымдастырушысы болатын. Сазгер саксафоншы ауыл тұрғыны Жұма Дәменов көркемөнерпаздар ұйымына қатысушылардың ұйтқысы еді.

1972 жылы еңбек жолын механизатор болып бастаған, комсомол жұмысында шындалған Дәдікбайға колхоз басшылары үлкен сенім артып, №8 өндіріс бригадасын басқаруды тапсырады. Ол жылдары Калинин колхозында алты мың гектардың үстінде ауыспалы егіс жүйесіне инженерлік тегістелген жер болатын Кеңшар «Главриссовхоз» тресіне қарайтын.

Дәдікбайдың айтуынша, алғашқы жылдары тегістеліп, инженерлік жүйеге келтірілген, су басқан алқаптар топырақтары опырылып, атыздар мен ішкі каналдар бұзылып, айтар-

лықтай қиындықтар келтірді. «Олар сушылардың күшімен қалпына келтіріліп еді» деп өзінің өмірін еске алған еді.

Осы мақаланы жазу кезінде Дәдікбай ескірген көне қойындарларын ақтарып, бригада өзіне бекітілген алғашқы жылдары 420-450 гектар күріштен әр гектардан 45 центнер, одан кейінгі жылдары 48-50 центнер өнім алған. Сексенінші жылдары 55-60 центнер өнім алуды қамтамасыз етіп отырған. Осы еңбегі бағаланып, 1980-1985 жылдары аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған. Жоғарғы партия конференцияларына делегат болып қатысқан. Жергілікті Кеңестің депутаттығына сайланған.

Ол 1987 жылдың маусым айынан бастап кеңшар директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болды. 1990 жылдан бастап 1999 жылға дейін өзінің бұрынғы егісінде өндіріс бригадирі, 1999 жылдан 2019 жылға дейін «Байтабын» ЖСШ-да бригадир қызметін атқарған. 2005 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Мұның бәрін жазу оңай болғанымен осы жылдары ел байлығын арттырып тер төккен, өндірістің шешуші саласында еңбек еткен азаматтарды қалай деріптемесе?! Оны бүгінгі ұрпақ білуі тиіс, олардың өмірлері – бір мектеп.

Бригада мүшелері кәсіпалы кеңшардың барлық жұмысына қатысатын. Мал қыстату, елді мекендерді көгалдандыру, көркейту т.б. жұмыстарын атқаратын жыл он екі ай тыным таппайтын. Осы тұста халық аузында аңыз болып кеткен мына сөзді еске алғым келеді.

Ертеректе бригадир болған атамыз айтқан екен – Мәскеу тапсырманы республикаға береді, республика облысқа тапсырады, облыс ауданға береді, аудан колхозға міндеттейді, колхоз сол тапсырманы орындауға маған жүктейді, – деп жарықтық астындағы атын қамшылаумен бол-

ған екен. Сондай тапсырманы орындаумен 45 жыл атқарған, бұл екі қоғамда да еңбегі бағаланған Дәдікбай Төрөқұлов еді.

1981 жылы III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, 1990 жылы «Еңбек ардагері», 2004 жылы «Тыңға – 50 жыл», «Қызылорда облысына – 70 жыл» медалімен, 2015 жылы «Қазақстан ауыл шаруашылығы кешенінің Құрметті қызметкері» орденімен марапатталған.

Еліміз егемендік алғаннан кейін Калинин кеңшарының негізінде құрылған «Байтабын» ЖСШ-да 1990 жылдан 2019 жылға дейін өндіріс бригадасының бригадирі қызметін атқарған ол салада бірнеше шәкірт те тәрбиеленді. Осы жылдары Дәдікбай басқарған өндіріс бригадасы тек қана ауданда емес, облыс бойынша күріштен мол өнім алуда алғы шепте болды. Жыл сайын мол өнім алып, жетістіктерге жетіп отырды.

Қорыта айтқанда, өндіріс бригадирі Дәдікбай Төрөқұлов – екі қоғамда да өндірістің шешуші саласында еңбек еткен қайраткер. Уақытында өзінің еңбегі де бағаланып, «Байтабын» ЖСШ ұжымының еңбекшілері, сол тұстағы төраға Сапар Мыханов екі автокөлікті Дөкеңе сыйға тартқан еді.

45 жыл үзбей өндіріс бригадирі болып, жыл сайын сол кездердің өлшемі бойынша 430-450 гектар күріш егісінен 45-60 центнер өнім алып отырған бригадир Дәдікбайдың жинаған астығынан тау тұрғызуға болады екен. Дала дарабозының еңбегі бағаланып, бірнеше рет марапат төрін де көрінген болатын.

Ата-ана жолы қай кезеңде де балаға бағдаршам іспетті. Дөкең жары Салихамен бірге 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Қазір осы ұл-қыздарынан 22 немере 15 шөбере сүйіп отыр. Баласы Оразбек өке жолын жалғастырып, сол өкесі басқарған алқапта өндіріс бригадирі болып еңбек етуде. Ал келіні Ақлима Байтабын ЖСШ-да бас есепші, ал балалары сол ауылда әр салада жемісті еңбек етеді.

Рысбай Кәрімов, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

Құрылыс сапасына мән берілді

«Amanat» партиясының бастамасымен еліміз бойынша сайлауалды уәделердің орындалу барысын жүйелі бақылап отыру мақсатында партиялық бекеттер ашылған. Басты мақсат – құрылыс сапасын, бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ жалақының уақытылы берілуін бақылауда ұстау.

Осы орайда аудан бойынша 2 партиялық бекет ашылып, жұмыс жасауда. Біріншісі Жалағаш кенті «Ақтерек» учаскесіндегі сужинағыш мұнара құрылысына және М.Шәменов ауылындағы ауылдық мәдениет үйінің жөндеу жұмыстары бойынша ашылды. Кеше М.Шәменов ауылдық мәдениет үйінің ғимаратындағы күрделі жөндеу жұмыстарына партиялық мониторинг жұмыстары жүргізілді. Мұндағы күрделі жөндеу жұмыстарының 2020 жылы жоба сметалық құжаттары әзірленіп, 2021 жылы мемлекеттік сараптамадан өткізілген болатын. Биыл «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында оны жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ұлттық қорынан тиісті қаражат бөлінген. Қазіргі таңда ғимаратқа сылақ және терезе ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

Жандос ЖАЗКЕН

Сақтансаң, сақтайды



Қауіпсіздікке қатаң қараңыз

Адам өмірін және дүние мүлкікті өрттен сақтау – әрбір азаматтың абыройлы борышы. Әсіресе бұны өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдарға, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына, үй басқармалары мен ведомствалық ұйымдар қызметкерлеріне тікелей қатысы бар.

Азаматтар күнделікті тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелерін білмейді. Міне, сондықтан өрттің шығуына бұрынғысына сәл өзгерту қару, түрлі қыздырғыштармен тұрмыстық химия заттарын ұқыпты пайдаланбау, теледидарлар мен газ плиталарын пайдалану тәртібін бұзу, үйде балаларды жалғыз қалдыру тұрмыстағы өрттің тұтануына басты себебі болып отыр.

Балалар өз еріктері өздеріне тиген соң отпен ойнағанды қызық көреді. Теледидарды іске қосады. Қазіргі заманғы пәтерлерде тұрмыстық электр және газ жабдықтары, басқа да жиһаздар баршылық екені мәлім. Ал бұлардың барлығы дерлік тез жанады.

Өрт – тілсіз жау. Аяқ астынан шыққан өрт зардабы орны толмас өкінішке душар етеді. Бұл апаттан сақтануға болады. Ол үшін әр адам, әрбір тұрғын үй иесі сақтық шараларын естен шығармауы қажет. Осындай жағдайларды болдырмау үшін мекеме басшылары белгіленген адамдардың өрте қарсы ережелермен толық танысуын және арнаулы бұйрықпен бекітілуін қамтамасыз етуі керек.

Бұл өрттердің негізгі шығу себептері көбінесе үй иесінің өртеген қоқыстарды қараусыз қалдыру салдарынан болады. Осы жайды қанша біліп, естіп жүрсе де назардан тыс қалдырамыз. Үйіңізде қайғы-қасірет болмасын десеңіз өртеке абай болыңыз. Өрт болған жағдайда 101 телефон нөміріне хабарласыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Сенбілік



Басты мақсат – экологиялық мәдениет қалыптастыру

Тағы да тазалық жайында жазуымызға тура келді. Бұл тақырып ескірмейді. Өйткені тазалық өміріміздің өзегінде, тіршілігіміздің тінінде бізбен бірге жасасып келе жатыр. «Тазалық – денсаулық кепілі». Өте дұрыс айтылған. Тіпті осы қанатты сөзді бүгін сәл өзгертіп, «Тазалық – адам өмірінің кепілі» деп мән-маңызын арттырып, көшелер мен қоғамдық орындардың барлығына іліп қойсақ артық болмас еді. Және басты тазалығынан бастап, үйдің, ауланың, көшенің, кент пен қаланың тазалығы тек сәнін келтіріп немесе бұзып қана қоймайды, тазалық жоғарыда айтқанымыздай, адам өмірінің кепілі.

Тазалық сақталмаған лас жер аурудың ошағына айналатыны белгілі. Ішек пен ішкі азғаға түсетін вирустардың 99 пайызы тазалыққа мән бермеудің салдарынан болатынын балалар да біледі. Бірақ соны ересектердің ескермейтіні өкінішті. Кент ішіндегі кейбір көшелермен жаяу жүріп көрсеніз, осы сөзімізге дәлелсіз сөнер едіңіз. Үйінің қақпасынан шыға сала көшеге кірдің суын төге салатын немесе үйінен шыққан құл-қоқысты көшедегі арықтың ішіне аудара салатын тұрғындарды жиі көреміз. Көзің көріп тұрған соң шыдамай

сәл кідіріп, үйінің айналасын, көшені ластанп жатқанын айтып және ол үшін айыппұл арқалайтынын ескертсең, өзіңе қарсы ұмтылады. «Сенің қандай шаруаң бар? Бұл жерді сен тазаламайсың ғой, жұмыссыздықтың адамдары не үшін жүр, солар тазалап алады» дейді шімірікпен. Ал осыдан кейін балаларға, жастарға тазалық туралы тақырыпта қандай әңгіме айтуға болады? Алайда ондай жағдайда «аш құлақтан, тиыш құлақ» деп кете беруге болмайды. Санитарлық тазалықтың тәртібін сақтамаған және онысымен тұр-

май, көше тазалығына қарайтын әйел-аналарды қорлағаны үшін мойындарына үлкен көлемде айыппұл өңгеру керек. Кентішінде, ауылдық елді мекендерде санитарлық-тазалық жұмыстары бұрын көктем айларында жүргізілетін. Қазірде бұл жұмыстар жыл бойы тоқтамайды. Өте дұрыс. Сенбіліктер де солай. Әрбір тұрғын өзі өмір сүріп отырған ортасының тазалығын сақтауға және үлес қосуға міндетті. Ол – заңмен емес, армен бекітілген ереже. Кент ішінде өтетін сенбіліктерді көргенде көңілің көтеріліп, мейіріленіп қаласың. Тіпті табиғат та

өзін аялап жатқан адамзаттың алақанын сезгендей болып тұрады. Соңғы уақытта кейбір көше тұрғындары өздері ұйымдасып, көшелеріне тазалық жұмыстарын өткізіп жүргенін көріп, қуанып қаламыз. Одан бөлек кейбір патриот жастар өз араларынан еріктілер жасағын құрып, кент тазалығына үлес қосып жүр. Бұл да кейінгі жас ұрпаққа үлгі. Тек осындай жұмыстарды үздіксіз насихаттау жұмыстарын күшейтуге тиіспіз.

Өткен сенбіде Дүниежүзілік тазалық күніне орай «Bіге: Таза QAZAQSTAN» экологиялық акциясы аясында аудан бойынша сенбілік өтті. Акцияға аудан орталығындағы дербес бөлімдер мен мекеме, кәсіпорын ұжымдары қатысып, ағаштарды өктеп, түптеді және көшелерді құл-қоқыстан тазартты. Акцияның мақсаты да қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Қуат АДИС

ЕСКЕ АЛУ

Туысқан үшін бауырдың, бала үшін ананың орны бөлек. Бірақ сол аяулы жанды көз алдынан бір күнде жоғалтып алғанда әрі-сәрі күй кешіп, есеңгіреп қалады екенсің. Біреуге адал жар, біреуге ардақты ана, біреуге қамқоршы, жанашыр бауыр, біреуге ибалы келін болған Көштаева Сәдетхан Көштайқызының бақи дүниеге аттанғанына да бір жыл болыпты. Өмір деген бір жылт өткен сөйле екен, расында.

Сәдетхан Көштайқызы 1948 жылы Жалағаш қыстағында дүниеге келген. Барлық саналы жұмырын аудан медицинасына арнап, денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосты. Атап айтсақ, қазіргі аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында зейнет жасына дейін табан аудармай абыройлы қызмет етті. Мінсіз, сапалы қызметіне, адал еңбегіне лайық «Денсаулық сақтау саласының үздігі» медалінің және бірнеше марапаттардың иесі атанды. Білімі, кәсіби біліктілігі мен адамгершілігі және мәдениетімен қызмет істеген ортасына, ағайын-туысқа сыйлы, отбасына мейірімді болды. Әсіресе балаларына, немерелеріне тәлім-тәрбие беруі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуі, айналасындағы адамдарға жасаған сансыз жақсылықтары өзгеге үлгі, өнеге еді.

Бүгін осындай аяулы жан арамызда жоқ. Осы күнге дейін көңіліміз де, көзіміз де сенбей келді. Ажалға қимадық. Алайда Алланың жазуына пенде көнеді екен. Басқа амалы жоқ. Сағынғанымызбен, іздегенімізбен, артында қалған ұрпағын медет қылып, шүкірлік етеміз. Артында баласы мен немерелері қалды. Бауырымыздың, аңыздың енді өмірі солармен жалғаса береді. Толырағың торқа, иманың жолдасың болсын!

Күрентіп тағы күз көлді. Қалдырып кеттің бөңді. Сағынғанда өзіңді, Қараймыз қалған ізге енді.



Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Еске алушылар бауырлары, баласы, немересі

